

## Жер участеклеріне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Костанай облысы Жітіқара ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 28 сәуірдегі № 116 қаулысы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 71-1-бабына сәйкес Жітіқара ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Брендт" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне пайдалы қазбаларды барлау және геологиялық зерттеу үшін Жітіқара ауданының аумағында орналасқан жалпы алаңы 18872,4 гектар жер участеклеріне 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Жітіқара ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыға қол қойылған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Костанай облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы қаулыны ресми жариялағаннан кейін оның Костанай облысы Жітіқара ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Жітіқара ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Жітіқара ауданының әкімі*

*A. Жаныспаев*